

Теренқөл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 8 қантардағы № 1/68 "Теренқөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Павлодар облысы Теренқөл аудандық мәслихатының 2021 жылғы 7 қыркүйектегі № 5/9 шешімі. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2021 жылғы 17 қыркүйекте № 24407 болып тіркелді

Теренқөл аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Теренқөл аудандық мәслихатының "Теренқөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібін, олардың шекті толу нормаларын, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекараларын айқындау туралы" 2021 жылғы 8 қантардағы № 1/68 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7168 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Бейбіт жиналыстар өткізудің кейбір мәселелері бойынша";

көрсетілген шешімнің 1, 2 қосымшалары жаңа редакцияда осы шешімнің 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Теренқөл аудандық мәслихатының хатшысы

С. Баяндінов

Теренқөл аудандық

мәслихатының

2021 жылғы 7 қыркүйектегі

№ 5/9 шешіміне

1- қосымша

Теренқөл аудандық

мәслихатының

2021 жылғы 8 қантардағы

№ 1/68 шешіміне

## Теренкөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар

Теренкөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар:

1. Теренкөл ауылы, Жағажай, Елгин көшесі 147.

2. Бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жұру бағыты:

Теренкөл ауылы, Тәуелсіздік көшесі, Панфилов көшесінен Елгин көшесіне дейін.

Теренкөл аудандық

мәслихатының

2021 жылғы "7" қыркүйектегі

№ 5/9 шешіміне

2 - қосымша

Теренкөл аудандық

мәслихатының

2021 жылғы 8 қантардағы

№ 1/68 шешіміне

2 - қосымша

**Теренкөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар**

1. Теренкөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды пайдалану тәртібі, олардың шекті толу нормалары, сондай-ақ бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарды материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар "Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес өзірленді.

2. Арнайы орындар санитариялық нормалар мен өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтай отырып пайдаланылады. Арнайы орындарда жоспарланған басқа да ресми, мәдени, ойын-сауық мәдени-бұқаралық, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және өзге де іс-шараларды өткізу, құрылым-монтаждау жұмыстарын жүзеге асыру туралы ақпарат болмаған жағдайда, бейбіт жиналыстарды өткізуге жол беріледі.

3. Бейбіт жиналыстар өткізуді материалдық-техникалық және ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді оларды ұйымдастырушы мен оларға қатысушылар өз қаражаты есебінен, сондай-ақ осы бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жиналған және (немесе) берілген қаражат пен мүлік есебінен, егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында өзгеше белгіленбесе, жүзеге асырады.

4. Теренкөл ауданында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындардың шекті толу нормалары:

- 1) Теренқөл ауылы, Жағажай, Елгин көшесі 147, шекті толу нормасы 250 адам;
- 2) бейбіт жиналыстарды өткізу үшін жұру бағыты: Теренқөл ауылы, Тәуелсіздік көшесі, Панфилов көшесінен Елгин көшесіне дейін, шекті толу нормасы 250 адам.

5. Жергілікті атқарушы органның келісімінсіз бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындарда киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыштар жағдайлар орнатуға жол берілмейді.

6. Дәл сол бір жерде және (немесе) дәл сол бір жұру маршруты бойынша не дәл сол бір уақытта бейбіт жиналыс өткізуге бір мезгілде бірнеше бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушы үміткер болған жағдайда, көрсетілген орынды пайдалану кезектілігін жергілікті атқарушы орган бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушыдан тиісті хабарламаны немесе өтінішті алған уақытын негізге ала отырып айқындайды.

7. Элеуметтік қашықтықты сақтау мақсатында, пикеттеуден басқа, бейбіт жиналысқа қатысатын адамдардың арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде екі метрді құрайды.

8. Бір қатысушы өткізетін пикеттеуді жүзеге асыратын адамдар арасындағы ең аз жол берілетін қашықтық кемінде 100 метрді құрайды.

9. Бейбіт жиналыстар өткізілетін күні Теренқөл ауданының жергілікті уақыты бойынша сағат 9-дан ерте бастауға және сағат 20-дан кеш аяқтауға болмайды.

Теренқөл аудандық  
мәслихатының  
2021 жылғы "7" қыркүйектегі  
№ 5/9 шешіміне  
3- қосымша

#### **Теренқөл ауданында пикеттеуді өткізуға тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары**

Теренқөл ауданының аумағында іргелес аумақтардың шекарасына 400 метрден жақын жерде пикет өткізуға жол берілмейтін:

- 1) жаппай жерлеу орындарында;
- 2) теміржол, су, әуе және автомобиль көлігі объектілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдарға іргелес жатқан аумақтарда;
- 4) қауіпті өндірістік объектілерге және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілерге іргелес жатқан аумақтарда;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде және оларға іргелес жатқан аумақтардатыйым салынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК